

«Әбу Құдабаев атындағы № 197 қазақ орта мектебі» КММ
2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың атқарған
жұмысының жылдық есебі.

Әлеуметтік педагогтың мақсаты:

Оқушылардың тұрмыстық жағдайын және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың әлеуметтік құқығын қорғау және балалардың дамуына жағдай жасау. Мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынасты дамыту. Оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, азаматтық, әкімшілік, отбасылық қылмыстық заңдарды негізге алып, заңға бағынатын азамат тәрбиелеу. Мектептен тыс ұйымдармен өзара қарым-қатынасты үйлестіру. ҚР «Бала құқықтары туралы», «Неке және отбасы», «Білім туралы» заңдары басшылыққа алынып, бала құқығы мен мүдделерін қорғау мәселесі мектебімізде келесі бағыттар бойынша құрылды:

- Балалардың құқықтары мен заңды мүддесіне байланысты ҚР заңдарын орындау;
- Ата-аналарға, оқушыларға, мектеп ұстаздарына кеңес берілу, тренингтер өткізу, диагностикалық жұмыстар жүргізу;
- Балалардың сапалы білім алуына және дұрыс тәрбиеленуіне әлеуметтік жағдай жасау;
- Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу жұмысын жүргізу;
- Балалардың бос уақытын ұйымдастыру;

Тиісті мекемелермен (жұмыс пен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, балалардың құқықтарын қорғау департаменті, денсаулық орындары, қамқорлық және қорғаншылық органдары, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау комиссиясы) тығыз байланысты болу, бірігіп жұмыс жүргізу.


Осы бағыттар бойынша келесі міндеттерді шеше бастадық:

1. Ата-анасыз, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан балаларды, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды, олар туралы мәліметтер, құжаттар жинақталды.

Міндеттері:

- Оқушылардың қызығушылықтарын және қажеттіліктерін, қиындықтарын және проблемаларын уақыттылы анықтау;
- Әлеуметтік, педагогикалық көмекті және қолдауды қажет ететін оқушыларға уақытылы көмек көрсету;
- Әлеуметтік ынтаны дамытуға, әлеуметтік бағдарламалар және жобаларды іске асыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру;
- Сабактан тыс уақытта оқушының дарыны, ой және дене қабілеттерінің жақсаруына жағдай жасау;
- Жеке тұлғаның мектепте, отбасында қоршаған әлеуметтік ортада психологиялық жайлылық және қауіпсіздік жағдайларын туғызу;

- Әр баланың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын терең зерттеу олардың келешегін қорғап, қамқорлыққа алуға септігін тигізеді. Сондықтан мектепте жалпы білім алушылардың тұрмыс жағдайы зерделеніп, әлеуметтік картасы жасалды. Осы карта бойынша аз қамтылған, көп балалы отбасы, жетім, толық емес отбасы есепке алынды.



Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың әлеуметтік картас

Некесі з Ф4	Өгей анамен тұратын отбасы балалар саны	Өгей әкемен тұратын отбасы балалар саны	Сенім хатпен тұратын отбасы балалар саны	Жалдамалы пәтерде тұратын отбасы балалар саны	Өзге ұлт өкілдерінің отбасы балаларының саны	Ата-ананың білімі		
						жоғары	орта	арнаулы орта
14	1	14	0	54	2	203	713	49

№	Мектеп атауы	Барлық бала саны	Ұл	Қыз	Сыныптар саны	Көп балалар саны	Жартылай жетім		Тұл жетім	Ажырасқан отбасы балаларының саны	Толық отбасы балаларының саны	Ата-ана қамқорлығынсыз қалған отбасы балаларының саны
							Әкесі қайтыс болған	Анасы қайтыс болған				
1	Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектеп	964	504	460	41	436	30	3	0	90	646	8

Әр оқу жылының қарсаңында **«Мектепке жол» акциясының** өткізілуі дәстүрге айналып келеді. Биылғы 2022-2023 оқу жылында да аталмыш шара жалғасын тапты. Акцияның негізгі мақсаты – мектепке балаларды жинау балалардың оқумен қамтылмауын анықтау, балалардың мектепке себепсіз келмеуінің алдын алу, аз қамтылған отбасыларға және балаларға қамқоршыларды бекіту болып табылады. Бұл ретте акцияның негізгі міндеттерінің бірі – барлық балаларды міндетті орта білім алу құқықтарымен қамтамасыз ету бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен тарту.



Акция мақсаты:

Аз қамтылған және көп балалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ішінен оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін көмек көрсету

"Мектепке жол" акциясы аясында демеушілер есебінен көмек алған білім алушылар

р/с	Мектебі	Демеуші туралы мәлімет	Көрсетілетін қаржы көлемі /мың теңге/	Оқушының саны	«Мектепке жол акциясының» орындалуы туралы мәлімет
1	Әбу Құдабаев атындағы № 197 қазақ орта мектебі	Демеуші есебінен		15 оқушы	Сумка және оқу құралдары
		Демеуші есебінен		4 отбасы	Азық- түлікпен



Сонымен қатар, әр тоқсан сайын **"Атаулы әлеуметтік көмекке"** тағайындалған отбасынан шыққан жолақымен қамтылатын білім алушылар тізімі әр ай сайын Қалалық білім бөліміне жолданып отырды.

Ақпан айының 16-шы жұлдызында **#Өмірге Иә деп айт** психология апталығы аясында мектеп психолотары мен әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен 6,7 сынып оқушыларының қатысуымен қашықтан **"Достық-өмір атты тағамның ең қажетті тұздығы"** тақырыбында онлайн марафон өткізілді. Марафон арнайы чатта жүргізілді. Марафонның мақсаты оқушылар арасындағы өзара достық қарым-қатынасты нығайту, сыйластық пен достыққа берік болу сынды қасиеттерді дамыту болып табылды. Марафон барысында оқушылар берілген үш күндік тапсырмаларды өзінің жан досымен бірлесе орындап, орындалған тапсырмаларды ватсап желісіндегі арнайы чатқа видео есеп ретінде салып отырды. Марафон соңында қатысушылар достарына арнап өз қолынан жасалған сыйлықтар берді. Достық-адам өміріндегі ешнарсемен бағаланбайтын құндылықтардың бірі. Сонымен бірге достық адам



Ата-аналар сауалнамасы

Абылай хан атындағы № 140 қазақ орта мектеп асханасында сапалы тамақтануды қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың ата-аналары арасында осы сауалнаманы жүргізеді. Сауалнаманың сұрақтарына берілетін жауаптар «дұрыс» немесе «дұрыс емес» болып есептелмейді. Сұрақтардың жауаптары тек Сіз үшін дұрыс болуы тиіс. Жалпы және орташа көрсеткішті есептеу үшін сіздің жауаптарыңыз басқа қатысушылардың жауаптарымен бірге талданады, жауап берген адамның жеке тұлғасын анықтау мүмкіндігі жоқ. Барлық жауаптар құпия түрде сақталады. Сауалнаманы толтыруға шамамен 5-10 минут кетеді.

Средняя школа № 140 имени Абылай хана проводит данное анкетирование среди родителей учащихся в целях обеспечения организации качественного питания в школьной столовой. Ответы на вопросы анкеты не являются «правильными» или «неправильными». Ответы на вопросы должны отражать то, что верно лично для Вас. Ваши ответы будут анализироваться с ответами других участников для подсчета общего и среднего показателя, без возможности установить личность отвечающего. Все ответы останутся конфиденциальными. Заполнение анкеты займет у вас около 5-10 минут.

боиынша жоғары пайыздарды көрсетіп, бұл сұрақтар төңірегінде мәселелердің жоқтығы нақтыланды. Дегенмен, кейбір мәселелерге көңіл аударып, алдағы уақытта ескеретін тұстар да бар.

Он түрлі сұрақпен қамтылған сауалнамаға, 172 оқушы және 146 ата-ана қатысып, өз жауаптарын ұсынды. Сауалнама қорытындысы төмендегідей пайыздық көрсеткіштерді көрсетті:



"Ас-адамның арқауы"

* Обязательно

Адамзат денсаулығын сақтаудың басты шарты – дұрыс тамақтану. Сондықтан тамақтануға ерекше көңіл бөлінген жөн. Тамақ құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс. Тіпті, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, ағзаның қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің жоғарылауына және ағзаның қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшейтуге ықпалын тигізеді.





Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымындағы № 235 бұйрығына қосымша және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының 69 тармағына сәйкес 2022-2023 оқу жылында "Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры" есебінен мектебіміздегі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушылар тегін және жеңілдетілген тамақтандырумен қамтамасыз етіліп 165 оқушының тізімі бекітілді. Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың құжаттары ҚР Білім және ғылым министрінің «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша қабылданды. Сонымен қатар тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың асханадан тамақтануы күнделікті қадағаланды. Тамақтану режимін сақтау, дәрумендердің адам ағзасына қажеттілігі, пайдасы туралы кеңестер беріліп, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырды. Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы үнемі бақылауда болды.



Мектебіміз бойынша ата-ана қамқорлығынсыз қалған отбасы балалардың тұрмыс, үй жағдайын көру және тексеру мақсатында «Балалар күніне» арналған арнайы мерекелік кеш пен арнайы сыйлықтар берілді. **"Қалалық білім бөлімінің және Облыстық білім бөлімінің қорғаншылық және қамқоршылық органдары"** мамандарымен және психологтарымен зерделеу жұмыстары жүргізілді.



Әлеуметтік педагог

Г.Рахметова

"Әбу Құдабаев атындағы № 197 қазақ орта мектебі" КММ
2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың
атқарған жұмысының жылдық есебі.

Әлеуметтік педагогтың мақсаты:

Оқушылардың тұрмыстық жағдайын және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың әлеуметтік құқығын қорғау және балалардың дамуына жағдай жасау. Мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынасты дамыту. Оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, азаматтық, әкімшілік, отбасылық қылмыстық заңдарды негізге алып, заңға бағынатын азамат тәрбиелеу. Мектептен тыс ұйымдармен өзара қарым-қатынасты үйлестіру. ҚР «Бала құқықтары туралы», «Неке және отбасы», «Білім туралы» заңдары басшылыққа алынып, бала құқығы мен мүдделерін қорғау мәселесі мектебімізде келесі бағыттар бойынша құрылды:

- Балалардың құқықтары мен заңды мүддесіне байланысты ҚР заңдарын орындау;
- Ата-аналарға, оқушыларға, мектеп ұстаздарына кеңес берілу, тренингтер өткізу, диагностикалық жұмыстар жүргізу;
- Балалардың сапалы білім алуына және дұрыс тәрбиеленуіне әлеуметтік жағдай жасау;
- Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу жұмысын жүргізу;
- Балалардың бос уақытын ұйымдастыру;

Тиісті мекемелермен (жұмыс пен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, балалардың құқықтарын қорғау департаменті, денсаулық орындары, қамқорлық және қорғаншылық органдары, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау комиссиясы) тығыз байланысты болу, бірігіп жұмыс жүргізу.

Осы бағыттар бойынша келесі міндеттерді шеше бастадық:

2. Ата-анасыз, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан балаларды, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды, олар туралы мәліметтер, құжаттар жинақталды.

Міндеттері:

- Оқушылардың қызығушылықтарын және қажеттіліктерін, қиындықтарын және проблемаларын уақыттылы анықтау;
- Әлеуметтік, педагогикалық көмекті және қолдауды қажет ететін оқушыларға уақытылы көмек көрсету;
- Әлеуметтік ынтаны дамытуға, әлеуметтік бағдарламалар және жобаларды іске асыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру;
- Сабақтан тыс уақытта оқушының дарыны, ой және дене қабілеттерінің жақсаруына жағдай жасау;
- Жеке тұлғаның мектепте, отбасында қоршаған әлеуметтік ортада психологиялық жайлылық және қауіпсіздік жағдайларын туғызу;
- Оқушыларға көмек көрсету үшін мұғалімдердің, ата-аналардың (оларды ауыстырып жүрген тұлғалар), түрлі қызметтер және органдар мамандарының әрекеттестігін үйлестіру.

Әр баланың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын терең зерттеу олардың келешегін қорғап, қамқорлыққа алуға септігін тигізеді. Сондықтан мектепте жалпы білім алушылардың тұрмыс жағдайы зерделеніп, әлеуметтік картасы жасалды. Осы карта бойынша аз қамтылған, көп балалы отбасы, жетім, толық емес отбасы есепке алынды.

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы оқушылардың әлеуметтік картасы


№	Мектеп атауы	Барлық бала саны	Ұл	Қыз	Сыныптар саны	Көп балалы отбасы саны	Көп балалы отбасынан шыққан балалар саны	Жартылай жетім				Тұл жетім
								Әкесі қайтыс болған отбасы саны	Әкесі қайтыс болған отбасы балалар саны	Анасы қайтыс болған отбасы саны	Анасы қайтыс болған отбасы балалар саны	
1	Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектеп	918	487	431	41	86	426	15	24	3	3	0

Ажырасқан отбасы саны	Ажырасқан отбасы балаларының саны	Толық отбасы саны	Толық отбасы балаларының саны	Ата -ана қамқорлығынсыз қалған отбасы саны	Ата -анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы балаларының саны	Некесіз Ф4 отбасы саны
62	85	156	779	4	8	10

Некесіз Ф4 отбасы балаларының саны	Өгей анамен тұратын балалардың отбасы саны	Өгей анамен тұратын отбасындағы балалар саны	Өгей әкемен тұратын балалардың отбасы саны	Өгей әкемен тұратын отбасындағы балалар саны	Сенім хатпен тұратын отбасы саны	Сенім хатпен тұратын отбасы балаларының саны	Жалдамалы пәтерден тұратын балалардың отбасы саны	Жалдамалы пәтерден тұратын отбасы балаларының саны
13	1	1	6	8	1	1	24	47

Өзге ұлт өкілдерінің отбасы саны	Өзге ұлт өкілдерінің отбасы балаларының саны	Ата-ананың білімі		
		жоғары	орта	арнаулы орта
1	2	222	654	42

Әр оқу жылының қарсаңында **«Мектепке жол»** акциясы айналып келеді. Биылғы 2023-2024 оқу жылында да бұл акцияның негізгі мақсаты – мектепке балалардың қамтылмауын анықтау, балалардың мектепке сенімді қамтылған отбасыларға және балаларға қамқоршылық көрсету. Бұл ретте акцияның негізгі міндеттерінің бірі – білім алу құқықтарымен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдалану. Біздің қамқоршылық кеңес мүшелері, бітіруші түлектер, мектеп әкімшілігі мен көшпкерлер қолдау көрсетті. «Мектепке жол» акциясы негізінде 30 оқушымызға мектепке қажетті құрал жабдықтары табысталды.



Акция мақсаты:

Аз қамтылған және көп балалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ішінен оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін көмек көрсету



2023-2024 оқу жылында аз қамтылған отбасы балаларына қаржылық және материалдық көмек көрсетілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 13 қосымшасына сәйкес «Білім беру ұйымдарының бәләм алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету» мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес - 217 оқушылар қамтылды. Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы АСП алушы отбасы балалары туралы мәліметтер 1 санат бойынша 69 оқушы, 2 санат бойынша -134 оқушы, 3 санат бойынша-6, 5 санат бойынша-8 оқушы.

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде қарттар күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» атты тақырыпта іс шара аталып өтілді. Мектептің тәрбие орынбасары, инспекторы, әлеуметтік педагогы және психолог мамандармен бірге арнайы ата-ана қамқорлығынсыз қалған отбасы балаларының үйіне зерттеу жұмыстарын жасады. Ондағы мақсатымыз бала лардың жағдайын, көңіл күйлерін көріп, жағдайларын сұрау.



«Берекелі алтын күз» тақырыбында алтын күз мерекесіне орай оқушылар жәрмеңке өткізді.



Жаңа жылдық Президент шыршасына ата –ана қамқорлығынсыз қалған отбасынан шыққан 8 «А» сынып оқушысы Ильжанова Нұрай барып тәтті мен арнайы сыйлықтар ұйымдастырылды.

Қала әкімінің жаңа жылдық кешіне мектеп тарапынан көп балалы отбасынан шыққан 5 «В » Тұрдықұл Мирас барып тәтті мен арнайы сыйлықтар ұйымдастырылды.

Өгей отбасында тәрбиеленіп жатқан отбасы балаларына арнайы мектеп тарапынан зерделеу жұмыстары жасалынып отырды. Жоспар бойынша жұмыстар жасалынып, сауалнамалар толтырылып нәтижесі талданды. Бірлескен жоспар бойынша тәрбие орынбасарлары мен психологтар және әлеуметтік педагогпен жасалынған жұмыс жоспарлары бойынша жұмыс жасалынды. Мектеп оқушыларын арнайы мамандармен кездестіріп профилактикалық әңгімелер жүргізілді. Мектеп медбикесі оқушыларға салауатты тамақтану туралы әңгіме жүргізілді. Білім алушылардың ата-анаарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыстар жасалынды. Оның ішінде сыныптарда «Менің отбасым», 15 мамыр отбасы күніне орай «Отбасы – бақыт мекенім» атты іс шаралар мен тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Сонымен қатар сынып ата-аналарымен жиналыстар жасалынды. Мамыр айында оқушыларды сыртқы сауықтыру лагерьге жіберілуі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді және де санатына байланысты оқушыларды анықтап тізімдер жасақталынды. Сонымен қатар оқушыларға жазғы демалыстарда қауіпсіздікті сақтау керектігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, әр тоқсан сайын "Атаулы әлеуметтік көмекке" тағайындалған отбасынан шыққан жолақымен қамтылатын білім алушылар тізімі әр ай сайын Қалалық білім бөліміне жолданып отырды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10 қосымшасына сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті ұсыну қағидалары бойынша 2022-2023 оқу жылында мектебіміздегі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушылар тегін және жеңілдетілген тамақтандырумен қамтамасыз етіліп 163 ерекшелік бойынша -198 оқушы, 159 ерекшелік бойынша -293 оқушының тізімі бекітілді. Сонымен қатар тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың асханадан тамақтануы күнделікті қадағаланды. Тамақтану режимін сақтау, дәрумендердің адам ағзасына қажеттілігі, пайдасы туралы кеңестер беріліп, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырды. Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы үнемі бақылауда болды.

2024-2025 оқу жылының Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің әлеуметтік педагогтың жылдық жұмысының есебі.

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебіне 1079 оқушы білім алуда. Оның ішінде 44 сынып бар. Олардың әлеуметтік картасын жасақталды. Мектеп бойынша көп бала отбасылар 490, аз қамтылған отбасылар 120, әкесі қайтыс болған отбасы балалары 20, анасы қайтыс болған отбасы балалары 2, ажырасқан отбасы балалар 74, қолайсыз отбасы жоқ, тұл жетім отбасы жоқ, некесіз туылған отбасы балалар 17, қорғаншы 4, өгей әкемен тұратын отбасы балалар 12, өгей анамен тұратын отбасы балалар 1 бар. Балалар күнделікті ас мәзірі бойынша екі ауысымда тамақтанады. Ыстық тамақпен 530 оқушы 4 тоқсан бойынша қамтылды. Оның ішінде 366 оқушы 159 ерешелікпен, 120 оқушы 163 ерешелікпен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр. Оқушылар екі ауысымда кестеге сәйкес тамақтанады. I ауысым бойынша -259, II ауысым бойынша -271 оқушы тамақтанады. Мектеп асханасына комиссия мүшелері ас блогына күнделікті ас мәзірі бойынша дайындалған тағамдар мен ұсынылатын өнімдер сертификаттарының сәйкестігіне тексеру жүргізіліп отырады. Сақтау шарттары мен мерзімдері және жеке гигиенаны бақылау және қажетті тексерулерден уақтылы өту сәйкестігіне тексеру жүргізілді. Білім алушылардың күнделікті ас мәзіріне сәйкес тамақтанады. Күн сайын тамақтану залында ас мәзірі ілінеді, онда тағамдардың көлемі, құрамы мен аспаздық өнімдердің атаулары туралы мәліметтер көрсетіледі. Дайын өнімнің сапасына және тамақтандыруды ұйымдастыруға бақылау жүйелі түрде жүргізіледі. Перспективалық ас мәзіріне сәйкес апталық ас мәзірі жасалынады. Балалардың тамақтануында тыйым салынған тағамдар тұтынылмайды. Асхана қызметкерлер арнайы санитарлық киіммен (халат немесе күртеше, шалбар, бас киім, тайғанамайтын жеңіл жұмыс аяқ киімі) қамтамасыз етілген. Жұмысқа тиісті кәсіби біліктілігі бар адамдар және белгіленген тәртіппен мерзімді медициналық тексерулерден өткен.







Тамыз айында 5 санат бойынша 217 оқушыларға қаржылай және материалдық көмек берілді.

I санат бойынша -69 оқушы, 32 отбасы

II санат бойынша -134 оқушы, 62 отбасы

III санат бойынша -6 оқушы, 3 отбасы

V санат бойынша – 8 оқушы, 5 отбасы қамтылды.



«Мектепке жол » акциясы бойынша аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға демеушілер тарапынан оқу құралдары мен сөмкелер берілді.

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде қарттар күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» атты тақырыпта іс шара аталып өтілді. Мектептің тәрбие орынбасары , инспекторы , әлеуметтік педагогы және психолог мамандармен бірге арнай ата –ана қамқорлығынсыз қалған отбасы балаларының үйіне зерттеу жұмыстарын жасады. Ондағы мақсатымыз бала лардың жағдайын, көңіл күйлерін көріп, жағдайларын сұрау.

Жаңа жылдық Президент шыршасына ата –ана қамқорлығынсыз қалған отбасынан шыққан барып тәтті мен арнайы сыйлықтар ұйымдастырылды. Қала әкімінің жаңа жылдық кешіне мектеп тарапынан көп балалы отбасынан шыққан барып тәтті мен арнайы сыйлықтар ұйымдастырылды.



Өгей отбасында тәрбиеленіп жатқан отбасы балаларына арнайы мектеп тарапынан зерделеу жұмыстары жасалынып отырды. Жоспар бойынша жұмыстар жасалынып, сауалнамалар толтырылып нәтижесі талданды. Бірлескен жоспар бойынша тәрбие орынбасарлары мен психологтар және әлеуметтік педагогпен жасалынған жұмыс жоспарлары бойынша жұмыс жасалынды. Мектеп оқушыларын арнайы мамандармен кездестіріп профилактикалық әңгімелер жүргізілді. Мектеп медбикесі оқушыларға салауатты тамақтану туралы әңгіме жүргізілді. Білім алушылардың ата-анаоарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыстар жасалынды. Оның ішінде сыныптарда «Менің отбасым», 15 мамыр отбасы күніне орай «Отбасы – бақыт мекенім» атты іс шаралар мен тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Сонымен қатар сынып ата-аналарымен жиналыстар жасалынды. Мамыр айында оқушыларды сыртқы сауықтыру лагерьге жіберілуі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді және де санатына байланысты оқушыларды анықтап тізімдер жасақталынды. Сонымен қатар оқушыларға жазғы демалыстарда қауіпсіздікті сақтау керектігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Сенім хатпен тұратын 7 баланың тұрмыстық жағдайын зерттеу мақсатында арнайы мектеп әкімшілігі үйлеріне барып қайтты. Балалардың жағдайлары жақсы. Барлық балалар нағашы ата – әжелерімен бірге тұрады. Балалардың мінез құлықтары жақсы. Сабақтан қалмайды, жақсы оқиды. Үйден оқитын ерекше 10 оқушы бар. Бастауыш сыныптар бойынша 8 оқушы бар. Балалардың сабаққа деген ынтасы жақсы, балалармен дефектолог, психолог және мектеп әлеуметтік педагогы жұмыс жасайды. Мереке сайын балаларды түрлі сыйлықтармен қуантады.





Әлеуметтік педагог

Г.Рахметова